Шымкент қаласы білім басқармасының **«№138 жалпы орта білім беретін мектебі»** коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждения **«Общеобразовательная средняя школа №138»** управления образования города Шымкент

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2023 жылғы 01 қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 174
город Шымкент

**Лауазымдық міндеттер туралы**

Білім және ғылым министрлігінің 27.12.2013 жылғы №512 педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамларын бекіту туралы бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5 бабының 34-тармақшасын іске асыру мақсатында төмендегі қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінің сипаттамалары төмендегідей бекітілсін:

**Әлеуметтік педогог- Курманбаева Айкумис Толегеновна**

**Лауазымдық міндеттері;**

-оқушылардың жеке тұлғасына психология-медициналық-педогогикалық зерттеу жүргізеді;

-тұрмыс жағдайын, қызығушылығы мен қажеттілігінің қайшылықтарын, конфликті кездерін, оқушының тәртібіндегі ауытқуын анықтап дер кезінде әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді;

-баланың әлеуметтік және жеке проблемаларын шешу қабілеттілігі бойынша әлеуметтік педогогикалық әдістемесін, түрі мен міндеттерін анықтайды;

-патронат бойынша тұрғын үй, зейнетақы беру, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мүліктік және мүліктік емес құқықтары бойынша жұмыстар жүргізеді;

-мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен балалар арасында қарым-қатынас орнатады;

-оқушыларме, ата-аналармен немесе оларды ауыстыратын адамдармен жұмыс жасайды;

-әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен балаларының демалыстарын және сауықтыру бойынша атқарылатын жұмыстарын жүргізеді;

-әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасы балаларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін бақылауға алады және құжаттарын реттеуге жауапты;

-"Бала құқығын қорғау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

-білім беру ұйымдарының білім бағдарламаларын құрастыруға, бекітуге, оны жүзеге асыруға қатысады және өзінің құзіреттілігі бойынша олардың орындалуына жауап береді;

-өзара қызмет алмасу бойынша жоғарғыда көрсетілген міндеттер директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары О.Шалхарбаеваға жүктеледі.

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және білім беру мәселелері жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік саясат, жалпы және әлеуметтік педагогика, педагогикалық, әлеуметтік, жасерекшелік және балалар писхологиясы негіздерін, валеология және әлеуметтік гигиена негіздерін, әлеуметтік-педагогикалық және диагностикалау әдістерін,

тәрбие жұмысы әдістемесін, педагогикалық ғылымды дамытудың, әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды талдау және бағдарламалаудың негізгі бағыттарын, еңбек туралы заңнамалар негізі, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігін сақтау нормалары мен ережелерін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Жұмыс уақыты: 9.00-ден 17.00-ге дейін.

Түскі үзіліс: 13.00-14.00

**Мектеп директорының у.м.а** **А.Т.Турлыбеков**